

Түркістан облысы Келес ауданы
№27 Н.Тілендиев атындағы жалпы орта мектебі

*2021-2022 оқу жылындағы ұйымдастырушы-
педагог Сарсенбаева Ұлжалғастың*
жылдық есебі

№27 Н.Тілендиев атындағы жалпы орта мектебінің педагог-ұйымдастырушысы Ұ.Сарсенбаеваның 2021-2022 оқу жылының жоспарына сәйкес атқарылған жұмыстардың I жартыжылдық есебі.

Мақсаты:

Жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Міндеттері:

- Балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналығын арттыру;
- Танымдық жұмыстарды ынталандыру;
- Балалар мен жасөспірімдердің зиянкерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;
- Жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Алғашқы қоңырау білім күнінің мерекелік іс-шара коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты 1-сынып оқушыларымен «Тәуелсіздіктің жетістіктері» тақырыбында өткізілді. Алғашқы қоңырау салтанатты жиынын өткізуге атсалыстым, іс-шара санитарлық талаптарды сақтап өткізілді. Мерекелік іс-шарадан соң оқушылар сабақты көтеріңкі көңіл-күймен, зор ынтамен әр сынып жетекшілер өз оқушыларымен «Тәуелсіздіктің жетістіктері» тақырыбында алғашқы тәрбие сағаттарын өтті. Жылдық жұмыс жоспарымды ұйымдастырдым. «Парасат» қыздар клубының жоспары жасалып, мүшелерін сайланып, жұмысын ұйымдастырдым. Мектепшілік апталық жауапты кезекшілік, оқушылардың мектеп формасын қадағалау, мектеп тарапынан қосымша тапсырылған тапсырмаларды орындадым. Мектепте өткізілген аудандық семинарға ықпал еттім. Салауатты өмір салтын ұстау мақсатында «Мен өзімді қалай қорғаймын» атты COVID-19 профилактикасын медбикемен бірлесіп өткіздік. Тіл мерекесіне орай «Тіл-татулық

тірегі» атты апталық өткіздік. «Мектеп ережесін сақтайық» тақырыбында оқушыларға баяндама оқыдым. Ұстаздар мерекесіне орай «Ұстаз-ұлы тұлға» атты әдеби-сазды кеш ұйымдастырдым. Ұстаздар мерекесі таңғы 8-00-де басталды. Оқушылар санитарлық талаптарды сақтап, ерте келіп сыртқы дарбазадан мектепке дейін мұғалімдерді гүлмен, әуезді әуенмен қарсы алды. Ұстаздарға арналған концерттік бағдарлама өткіздік. Мереке күні мұғалімдерге кереметтей көтеріңкі көңіл-күй сыйладық. Мектепте аймақтық «Өнерлі ұстаз» байқауын ұйымдастырылып өткізілуіне ықпал еттім. Күз мезгіліне байланысты «Күз-береке, күз-мереке» тақырыбында қолөнер көрмесі, «Күз ханзадасы мен ханшайымы» сайысын бастауыш сыныптармен ұйымдастырылды. Сайыс жақсы дәрежеде өтті. Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Темекі сенің жауың!» тақырыбында әңгіме өткіздік. Оқушылар нашақорлық оның зияны туралы жан-жақты мәлімет алды. Оқушылардың мектеп формасын үнемі қадағалап тексеріп отырдым. Әр айдағы қыздар жиналысына қатысып, өткізіп отырдым. Сонымен қатар оқушыларды «Алтын қыран», «Алтын сақа» олимпиадаларына оқушылардың қатысуын ұйымдастырдым. 1- желтоқсан Елбасы күніне орай оқушылардың бойында патриоттық рухты ояту мақсатында, еліне, Елбасына деген мақтанышын арттыру мақсатында «Заманауи Қазақстан Елбасының көшбасшылық сабақтары» тақырыбында салтанатты жиын өткіздік. Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесі қарсаңында «Тәуелсіздік теңдесі жоқ байлығым» атты салтанатты жиын өткіздік. Салтанатты жиынға оқушылар санитарлық талаптарды сақтап қатыстырылды. «Жас Ұлан» ұйымының «Жас Ұлан, Жас Қыран» тобына 2а-ә, 5а-ә сынып оқушылары қабылданды. «Парасат» қыздар ұйымымен ай сайын қыздар жиналысы өткізіп отырдық. Оқушылардың мектеп формасын үнемі қадағалап отырдым. Мектеп оқушыларының қысқы демалысын мазмұнды ұйымдастыру мақсатында түрлі іс-шаралар онлайн ұйымдастырылды.